

## Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 22 қарашадағы № 100 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 4 желтоқсанда № 25548 болып тіркелді.

### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

#### Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63), 64) және 65) тармақшаларына, "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.

2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Д.А. Тайшыбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулылары тізбесінің 7-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің Төрағасы

E. Досаев

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар жөніндегі агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2021 жылғы 22 қарашадағы  
№ 100 Қауымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есепті жүргізу және  
қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін  
кейбір қаулыларының тізбесі**

1. "Екінші деңгейдегі банктердің сенімгерлік операцияларды және кастодиандық қызметті бухгалтерлік есепке алуды жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 30 қарашадағы № 134 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5089 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының сенімгерлік операциялар мен кастодиандық қызметті бухгалтерлік есепке алуды жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы";  
кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының сенімгерлік операциялар мен кастодиандық қызметті бухгалтерлік есепке алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің сенімгерлік операцияларды және кастодиандық қызметті бухгалтерлік есепке алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының сенімгерлік операциялар мен кастодиандық қызметті бухгалтерлік есепке алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулық";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының сенімгерлік операциялар мен кастодиандық қызметті бухгалтерлік есепке алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулық "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына, "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) (бұдан әрі – бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары), халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Нұсқаулық екінші деңгейдегі банктер және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары (бұдан әрі – банктер) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы негізінде жүзеге асыратын сенімгерлік операциялардың және кастодиандық қызметтің бухгалтерлік есебін жүргізуді нақтылайды.";

75-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"75. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін және кастодиандық шарт негізінде қабылданған инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымның сенімгерлік басқаруындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін бағалы қағаздарға орналастырған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

бағалы қағаздарды сатып алу сомасына:

7401

"Қазақстан Республикасының  
қысқа мерзімді мемлекеттік  
бағалы қағаздары"

7403

"Қазақстан Республикасының ұзақ  
мерзімді мемлекеттік бағалы  
қағаздары"

Kipic

7404

"Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар"

7405

"Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары"

7407

"Басқа да зейнетакы активтері";

**сатып алғынған сыйақы (купон) сомасына:**

7408

"Зейнетакы активтері орналастырылған Қазақстан Республикасының қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы)"

7409

"Зейнетакы активтері орналастырылған Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы)"

Kipic

7410

"Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, зейнетакы активтері орналастырылған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы)"

7411

"Зейнетакы активтері орналастырылған халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы)".";

**81-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:**

"81. Әрбір есепті күнге банк амортизацияланған құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздардың құнсыздануына тест жүргізеді және мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады:

**1) бағалы қағаздардың құнсыздануынан болған залалды тану кезінде:**

7401

"Қазақстан Республикасының қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары"

7403

"Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары"

7404

"Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар"

	7405	"Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары"
	7408	"Зейнетақы активтері орналастырылған Қазақстан Республикасының қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы)"
Шығыс	7409	"Зейнетақы активтері орналастырылған Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы)"
	7410	"Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, зейнетақы активтері орналастырылған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы)"
	7411	"Зейнетақы активтері орналастырылған халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы)"
	7413	"Зейнетақы активтері орналастырылған басқа да қаржылық активтер бойынша есептелген сыйақы";

2) бағалы қағаздардың құнсыздануынан бұрын танылған залалды қалпына келтіру кезінде:

	7401	"Қазақстан Республикасының қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары"
	7403	"Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары"
	7404	"Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар"
	7405	"Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары"
	7408	"Зейнетақы активтері орналастырылған Қазақстан Республикасының қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы)"

Kipic

7409

"Зейнетакы активтері орналастырылған Қазақстан Республикасының ұзак мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы)"

7410

"Қазақстан көр биржасының ресми тізіміне енгізілген, зейнетакы активтері орналастырылған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы)"

7411

"Зейнетакы активтері орналастырылған халықаралық қаржы үйымдарының бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы)"

7413

"Зейнетакы активтері орналастырылған басқа да қаржылық активтер бойынша есептелген сыйақы"

### 83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"83. Ерікті жинақтаушы зейнетакы қорының зейнетакы активтерін және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын үйымның сенімгерлік басқаруындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қорының зейнетакы активтерін банктердегі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға мәміле бойынша шығындарды ескере отырып, салым сомасына орналастырған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Kipic

7406

"Басқа банктердегі салымдар".";

### 87-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"87. Әрбір есепті күнге банк салымдардың құнсыздануына тест жүргізеді және мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады:

#### 1) салымдардың құнсыздануынан болған залалды тану кезінде:

Шығыс

7406

"Басқа банктердегі салымдар"

7412

"Зейнетакы активтері орналастырылған басқа банктердегі салымдар бойынша есептелген сыйақы";

#### 2) салымдардың құнсыздануынан бұрын танылған залалды қалпына келтіру кезінде:

Kipic

7406

"Басқа банктердегі салымдар"

7412

"Зейнетакы активтері орналастырылған басқа банктердегі салымдар бойынша есептелген сыйақы".";

мынадай мазмұндағы 89-1-тармақпен толықтырылсын:

"89-1. Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры, инвестициялық портфельді басқарушы және кастодиан-банк арасында жасалған кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан-банктің есеп саясатында айқындалған мерзімдерде инвестициялық портфельді басқарушыға кастодиандық қызмет көрсеткені үшін сыйақы (кірістер) сомасын есептеу, сондай-ақ ақша аударымдары мен басқа да шығыстар бойынша комиссиялық шығыстар сомасын есептеу жүргізіледі және мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1819	"Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет бойынша есептелген комиссиялық кірістер"
Кт	4609	"Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет бойынша комиссиялық кірістер".";

90, 91, 92 және 93-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"90. Инвестициялық портфельді басқарушының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиандық шартқа сәйкес өтеуге жататын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың көрсетілетін қызметтеріне және басқа да шеккен шығыстарына ақы төлеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1860	"Банк қызметі бойынша басқа да дебиторлар"
Кт	1051	"Казахстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"
	1052	"Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар".

91. Инвестициялық портфельді басқарушы, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры кастодиан-банк жүргізген, кастодиан-Шартқа сәйкес өтелуге жататын шығыстарды өтеу және төлеу, сондай-ақ кастодиан-банктің комиссиялық сыйақысының есептелген сомаларын төлеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	2202	"Ерікті жинақтаушы зейнетақы көрларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын үйімдарға кастодиан банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар"
Кт	1819	"Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет бойынша есептелген комиссиялық кірістер "
	1860	"Банк қызметі бойынша басқа да дебиторлар".

92. Инвестициялық портфельді басқарушы, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры есептелген сыйақы бойынша төлемдерді кешіктірген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына кастодиандық шарт негізінде көрсетілген қызметтер үшін есептелген, бірақ өтелмеген сыйақы сомасына:

Дт	1839	"Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет бойынша мерзімі өткен комиссиялық кірістер"
Кт	1819	"Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет бойынша есептелген комиссиялық кірістер "
	1860	"Банк қызметі бойынша басқа да дебиторлар";

тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына:

Дт	1860	"Банк қызметі бойынша басқа да дебиторлар"
Кт	4900	"Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)".

93. Инвестициялық портфельді басқарушыға, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына кастодиандық шарт негізінде көрсетілген қызметтер үшін есептелген мерзімі өткен сыйақыны, сондай-ақ тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) есептелген сомасын өтеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) есептелген мерзімі өткен сыйақы сомасына:

Дт	2202	"Ерікті жинақтаушы зейнетақы корларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға кастодиан банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар"
Кт	1839	"Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет бойынша мерзімі өткен комиссиялық кірістер";

2) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына:

Дт	2202	"Ерікті жинақтаушы зейнетақы корларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға кастодиан банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар"
Кт	1860	"Банк қызметі бойынша басқа да дебиторлар".

2. "Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5348 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің ұлгі шот жоспарында:

2-тарауда:

3-параграфта:

3440 шотынан кейін мынадай мазмұндағы 3440 61 және 3440 63 шоттармен толықтырылсын:

"3440 61

Теріс комиссиялық сыйақыны өтеу жөніндегі қысқа мерзімді міндеттемелер

3440 63

Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі қысқа мерзімді міндеттемелер (пассив)";

5-параграфта:

5460 шотынан кейін мынадай мазмұндағы 5460 63 шотпен толықтырылсын:

"5460 63

Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі резерв";

7-параграфта:

7440 62 шотынан кейін мынадай мазмұндағы 7440 63 шотпен толықтырылсын:

"7440 63

Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі шығыс";

3-тарауда:

1-параграфта:

3380 61 шотының сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3380 61 "Инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық сыйақы" (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорына және инвестициялық портфельді басқарушыларға тиесілі инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық сыйақы сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорына не инвестициялық портфельді басқарушыға тиесілі инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық сыйақы сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық сыйақы сомаларын жинақтаушы зейнетақы қорларына не инвестициялық портфельді басқарушыға төлеген кезде есептен шығару жүргізіледі.";

3440 шотының сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 3440 61 және 3440 63 шоттардың нөмірлерімен, аттарымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"3440 61 "Теріс комиссиялық сыйақыны өтеу жөніндегі қысқа мерзімді міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: инвестициялық портфельді басқарушылардың теріс инвестициялық кіріс алған жағдайда теріс комиссиялық сыйақыны өтеу жөніндегі міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша теріс комиссиялық сыйақыны өтеу жөніндегі міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша теріс комиссиялық сыйақыны өтеу жөніндегі міндеттемелердің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3440 63 "Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі қысқа мерзімді міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетакы активтерінің номиналдық кірістілігі көрсеткішінің ауытқуы нәтижесінде туындаған теріс айырманы өтеу жөніндегі міндеттемелердің сомаларын және зейнетакы активтері кірістілігінің ең төмен мәнін есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша міндеттемелер туындаған кездегі олардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша міндеттемелерді орындау кезінде олардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.";

5460 шотының сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 5460 63 шотының нөмірімен, атымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"5460 63 "Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі резерв" (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 15 ақпандағы № 30 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22216 болып тіркелген) бекітілген Инвестициялық портфельді басқарушының теріс айырманы меншікті капиталы есебінен өтеу қағидалары мен мерзімдеріне сәйкес құрылуға жататын резервтер мен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес танылатын міндеттемелер арасындағы айырма сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша резервтің сомасы оны қалыптастыру және (немесе) ұлғайту кезінде жазылады.

Шоттың дебеті бойынша резервтің сомасын оны орындау және (немесе) азайту кезінде есептен шығару жүргізіледі.";

7440 62 шотының сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 7440 63 шотының нөмірімен, атымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"7440 63 "Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі шығыс".

Мақсаты: инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетакы активтерінің номиналдық кірістілігі көрсеткішінің ауытқуы нәтижесінде туындаған теріс айырманы

өтеу жөніндегі шығыстардың сомаларын және зейнетақы активтері кірістілігінің ең төмен мәнін есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша теріс айырманы өтеу жөніндегі шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша № 5610 баланстық шотына келтірілген шығыстар сомаларын есептен шығару жүргізіледі".

3. "Инвестициялық портфельді басқарушылардың, бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыра лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 1 ақпандағы № 4 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6090 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Инвестициялық портфельді басқарушылардың, бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Инвестициялық портфельді басқарушылардың, бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және

сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.";

көрсетілген қауымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқарушылардың, бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыра лицензиясы бар және сақтандырушының инвестиацияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Инвестициялық портфельді басқарушылардың, бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестиацияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестиацияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулық";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді және:

клиенттердің инвестициялық басқарудағы активтерінің инвестициялық портфелін басқарушылардың және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестиацияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестиацияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының (бұдан әрі – ұйым);

бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – брокер) брокерлік қызмет көрсету туралы шарт бойынша клиенттерден алынған активтердің бухгалтерлік есебін жүргізуін нақтылайды.

2. Клиенттердің инвестициялық басқарудағы активтерінің және брокерлік қызмет көрсету туралы шарт бойынша клиенттерден алынған активтердің бухгалтерлік есебін жүргізген кезде ұйым және брокер "Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5348 болып тіркелген) сәйкес баланстан тыс шоттарды қолданады.

Клиенттердің сақтандыру ұйымның инвестиациялық басқаруындағы активтерінің бухгалтерлік есебін жүргізген кезде "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 251 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16390 болып тіркелген) сәйкес баланстың тыс шоттар қолданылады.";

11-тaraу алып тасталсын.

4. "Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7121 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

118-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"118. Зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кірістен тиесілі комиссиялық сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1270 61	Инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық кірістер
Кт	6110 61	Инвестициялық кірістен комиссиялық кірістер";

мынадай мазмұндағы 118-1, 118-2 және 118-3-тармақтармен толықтырылсын:

"118-1. Зейнетақы активтері бойынша теріс комиссиялық сыйақы сомасына теріс инвестициялық кіріс болған кезде инвестициялық портфельді басқарушы мынадай бухгалтерлік жазбаны жүзеге асырады:

Дт	7470 61	Теріс комиссиялық сыйақыны өтеу бойынша шығыстар
Кт	3440 61	Теріс комиссиялық сыйақыны өтеу жөніндегі қысқа мерзімді міндеттемелер.

118-2. Есепті айдың соңында зейнетақы активтері бойынша теріс инвестициялық кірістен бұрын есептелген теріс комиссиялық сыйақы шегіндегі сомаға мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	3440 61	Теріс комиссиялық сыйақыны өтеу жөніндегі қысқа мерзімді міндеттемелер
Кт	1270 61	Инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық кірістер;

комиссиялық сыйақы алған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай каражат
Кт	1270 61	Инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық кірістер.

118-3. Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт бұзылған кезде инвестициялық портфельді басқарушы теріс комиссиялық сыйақыны өтеу жөніндегі міндеттемелердің сомасына мынадай бухгалтерлік жазбаны жүзеге асырады:

Дт	3440 61	Теріс комиссиялық сыйақыны өтеу жөніндегі қысқа мерзімді міндеттемелер
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай каражат.";

мынадай мазмұндағы 14 және 15-тaraулармен толықтырылсын:

"14-tarau. Зейнетақы активтерінің кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің барынша тәмен мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі операциялардың бухгалтерлік есебі

134. Инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең тәменгі мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі резервті қалыптастырған және (немесе) ұлғайтқан кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	5610	Есепті жылдың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған шығыны)
Кт	5460 63	Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі резерв (пассив).

135. Инвестициялық портфельді басқарушы номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең төмен мәні арасындағы теріс айырманы өтеу бойынша қалыптастырылған резервті есептен шығарған және (немесе) азайтқан кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	5460 63	Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі резерв (пассив)
Кт	5610	Есепті жылдың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған шығыны).

136. Басқарушы инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі міндеттемелерді таныған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	7440 63	Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі шығыс;
Кт	3440 63	Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі қысқа мерзімді міндеттемелер;

инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәні арасындағы теріс айырманы өтеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	3440 63	Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі қысқа мерзімді міндеттемелер
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат.

15-тaraу. Инвестициялық кірістен және бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысуышыларының қызметтері үшін комиссиялық сыйақыны есептеу бойынша операциялардың бухгалтерлік есебі

137. Тиесілі комиссиялық сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

1) есептелген комиссиялық сыйақы сомасына:	Бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысуышыларының қызметтері үшін есептелген комиссиялық кірістер	
Дт	1270 83	Бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысуышыларының

Кт	6110 82	кызметтері үшін комиссиялық кірістер;
----	---------	---------------------------------------

**2) нақты алынған ақша сомасына:**

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай каражат
Кт	1270 83	Бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысуышыларының кызметтері үшін есептелген комиссиялық кірістер.".

5. "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7118 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

8-тaraудың атавы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-тaraу. РЕПО және кері РЕПО операцияларының бухгалтерлік есебі";

мынадай мазмұндағы 58-1-тармақпен толықтырылсын:

"58-1. РЕПО операцияларын жүргізген кезде (бағалы қағаздарды сатқан кезде) мәміле сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1060 61	Ағымдағы шоттардағы ақшалай каражат
Кт	3050 03	Бағалы қағаздармен РЕПО операциялары";

мынадай мазмұндағы 59-1-тармақпен толықтырылсын:

"59-1. РЕПО операциялары бойынша сыйақы түрінде шығысты есептеген кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	7310 04	Бағалы қағаздармен РЕПО операциялары бойынша сыйақыны төлеумен байланысты шығыс
Кт	3380 02	Бағалы қағаздармен РЕПО операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыс";

мынадай мазмұндағы 60-1-тармақпен толықтырылсын:

"60-1. РЕПО операциялары бойынша бұрын берілген бағалы қағаздарды алған кезде РЕПО мәмілесі бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыс сомасына және РЕПО мәмілесін жабу сомасына (осы мәмілені жасасу кезінде белгіленген мәмілені жабу сомасы) мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	3050 03	Бағалы қағаздармен РЕПО операциялары
----	---------	--------------------------------------

	3380 02	Бағалы қағаздармен РЕПО операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыс
Кт	1060 61	Ағымдағы шоттардағы ақшалай каражат.";

### 85-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"85. Инвестициялық кірісті қалыптастыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

#### 1) бар кіріс сомасына:

Дт	6110 01	Сатып алған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс
	6110 03	Сатып алған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кіріс
	6110 04	Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс
	6110 05	Орналастырылған салымдар бойынша дисконт амортизациясы бойынша кіріс
	6110 29	Талап етілгенге дейінгі салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс
	6110 30	Мерзімді салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс
	6110 31	Шартты салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс
	6110 34	Сыйақы алуға байланысты басқа да кіріс
	6110 35	Жинақ салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс
	6110 63	Теріс комиссиялық сыйақыны өтеу
	6110 64	Сыртқы басқарудағы активтер бойынша кіріс
	6150 01	Өзгерістері пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың құны өзгеруінен кіріс Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйимдарда орналастырылған салымдар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоудан) кіріс
	6240 02	

	6240 62	Амортизацияланған күны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар бойынша құрылған резервтерді (provизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) кіріс
	6240 63	Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең төменгі мәні арасындағы теріс айырманы өтеу бойынша кіріс
	6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан кіріс
	6280 01	Аффинирленген бағалы металдарды сатудан кіріс
	6280 05	Аффинирленген бағалы металдарды қайта бағалаудан кіріс
	6280 07	Басқа да кіріс
	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан кіріс
	6290 09	Фьючерс мәмілелері бойынша кіріс
	6290 10	Форвард мәмілелері бойынша кіріс
	6290 11	Опцион мәмілелері бойынша кіріс
	6290 13	Своп мәмілелері бойынша кіріс
Кт	5610	Есепті жылғы бөлінбекен пайда (өтелмеген зиян);

**2) бар шығыс сомасына:**

Дт	5610	Есепті жылғы бөлінбекен пайда (өтелмеген зиян)
Кт	7310 02	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты шығыс
	7310 04	Бағалы қағаздармен РЕПО операциялары бойынша сыйақы төлеумен байланысты шығыс
	7310 10	Орналастырылған салымдар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша шығыс
	7310 25	Сыйақты төлеуге байланысты басқа да шығыс
	7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан шығыс
	7440 02	Орналастырылған салымдар бойынша резервтерді (provизияларды) қалыптастыру бойынша шығыс

	7440 61	Амортизацияланған күны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар бойынша резервтерді ( провизияларды) құру бойынша шығыс
	7440 62	Сыртқы басқарудағы активтер бойынша шығыс
	7470 01	Аффинирленген бағалы металдардың баланстық күны
	7470 03	Өзгерістері пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ күны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың күны өзгеруінен шығыс
	7470 07	Аффинирленген бағалы металдарды қайта бағалаудан шығыс
	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан шығыс
	7470 27	Басқа да комиссиялық шығыс
	7470 81	Көр биржасының қызметтері үшін комиссиялық шығыс
	7470 82	Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша комиссиялық шығыс
	7480 09	Фьючерс мәмілелері бойынша шығыс
	7480 10	Форвард мәмілелері бойынша шығыс
	7480 11	Опцион мәмілелері бойынша шығыс
	7480 13	Своп мәмілелері бойынша шығыс. ";

87 және 88-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"87. Қорға зейнетақы активтерінен тиесілі комиссиялық сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	7470 27	Басқа да комиссиялық шығыс
Кт	3380 62	Зейнетақы активтерінен есептелген комиссиялық сыйақылар.

Кордың зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы сомасын Кордың ағымдағы шотына аударған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	3380 62	Зейнетақы активтерінен есептелген комиссиялық сыйақылар
Кт	1060 61	Ағымдағы шоттағы ( инвестициялық шот) акшалай каражат (зейнетақы активтері).

88. Инвестициялық кірістен зейнетақы активтерін басқарушының комиссиялық сыйақысын есептеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

Дт	7470 27	Басқа да комиссиялық шығыс
Кт	3380 61	Инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық сыйақылар.;

мынадай мазмұндағы 88-1, 88-2 және 88-3-тар мақтартармен толықтырылсын:

"88-1. Зейнетақы активтерін басқарушының теріс инвестициялық кірісі болған кезде теріс комиссиялық сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1280 10	Басқа да дебиторлық берешек
Кт	6110 63	Теріс комиссиялық сыйақыны өтеу

88-2. Есепті айдың соңында теріс инвестициялық кірістен бұрын есептелген теріс комиссиялық сыйақы шенберіндегі сомаға мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	3380 61	Инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық сыйақылар
Кт	1280 10	Басқа да дебиторлық берешек;

инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы сомасын аударған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	3380 61	Инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық сыйақылар
Кт	1060 61	Ағымдағы шоттағы (инвестициялық шот) ақшалай каражат (зейнетақы активтері).

88-3. Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт бұзылған жағдайда, инвестициялық портфельді басқарушы Қорға есептелген теріс комиссиялық сыйақы бойынша дебиторлық берешекті өтеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

Дт	1060 61	Ағымдағы шоттағы (инвестициялық шот) ақшалай каражат (зейнетақы активтері).
Кт	1280 10	Басқа да дебиторлық берешек.".

12-тaraу мынадай редакцияда жазылсын:

"12-тaraу. Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі операциялардың бухгалтерлік есебі

93. Инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі талапты есептеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәні арасындағы теріс айырманы өтеу бойынша есептелген талап сомасына:

Дт 1280 63

Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі талаптар

Кт 6240 63

Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу бойынша кірістер;

2) өтемді алған кезде:

Дт 1060 61

Деньги (пенсионные активы) на текущем счете (Ағымдағы шоттағы ақша (зейнетақы активтері) (инвестициялық шот)

Кт 1280 63

Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі талаптар".

6. "Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8596 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

1 және 2 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына және "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары (бұдан әрі – сақтандыру (қайта сақтандыру)

ұйымдары), сақтандыру брокерлері және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары (бұдан әрі – сақтандыру брокерлері) жүзеге асыратын сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізуі нақтылайды.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің қаржылық есептілікті, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептілікті ашуы, сондай-ақ есеп саясатын қалыптастыру халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады".

7. "Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету" қаржылық есептілік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 195 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8765 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету" қаржылық есептілік стандартында:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Тұынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелерді қоспағанда, қаржы активтерін сатып алу және сату мәмілелері есептеу күні бойынша есепке алу әдісі бойынша есепке алынады.

Актив ұйымға жеткізілетін немесе ұйым жеткізетін күн есеп айырысу күні болып табылады.

Есеп айырысу күнгі бухгалтерлік есеп мыналарды көздейді:

1) ұйым алған күні активті тану;

2) ұйым жеткізген күні активті тануды тоқтату және есептен шығарудан пайда немесе зиянды тану.

Қаржы активін шығынға жазудан кірісті немесе шығысты есептеу ФИФО "бірінші түсү - бірінші босату" әдісі (бұдан әрі – ФИФО әдісі) бойынша жүзеге асырылады.

ФИФО әдісін қолдану бірінші сатып алған активтер бірінші болып өткізілетін білдіреді".

8. "Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу " 33 бухгалтерлік есеп стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 137 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9735 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу" 33 бухгалтерлік есеп стандартында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Стандарт брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына қолданылмайды".

9. "Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына өзгеріс енгізу және Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру және қайта сақтандыру операциялары бойынша бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 83 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11653 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

